ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ХРОМТАУСКОГО
РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2026ж 04.05 №124

Ақтөбе облысы
Хромтау қаласы

Актюбинская область
город Хромтау

Жер учаскесін жалдау құқығына сауда-саттық (аукцион) өткізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 және 37- баптарына, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48- бабына және «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы аумағында орналасқан, сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесі анықталсын және бекітілсін.

2. Сауда-саттық (аукцион) бағаны көтеру шартымен өткізілсін.

3. «Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында сауда-саттық өткізу туралы хабарландыруды орналастырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Аудан әкімінің м.а. **С. Жаконов**

000126

Аудан әкімдігінің 2026 жылғы
«___» _____ №_____
қаулысына 1-қосымша

Сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы алаңы, га	Нысаналы мақсаты	Құқық түрі
№1	Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Абай ауылдық округі, Абай ауылы	3,000 га	үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	3 (үш) жыл мерзімге жалға алу құқығы